

Парламент Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Д.Н. Назарбаеваның **«Бүгінгі Қазақстанның театры: театр қызметінің қазіргі жағдайы және оны заңнамалық тұрғыдан жетілдірудің перспективалары»** атты дөңгелек үстел қатысушыларына сөйлейтін сөзі

Қайырлы күн, құрметті Дөңгелек үстелге қатысушылар!

Қай қайсымыздың болса да бала кезімізде алғаш рет театрға барған кезде ойнаған рөлімен ерекшеленіп, бала көңілімізге ұнаған сол көркем образдар әлі күнге дейін жадымызда сақталып келеді. Бұл образдар біздің дүниетануымызды, адамгершілік принциптерімізді, мінез-құлқымызды қалыптастырды. Олар білім алуымызға, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, өз орнымызды табуға өзіндік әсерін тигізді. Адам қандай экономикалық жағдайда өмір сүрсе де, мәдениет оның қалыптасуына зор үлес қосады деп айтуға болады.

Сондықтан мәдениетті дамыту стратегиясы – мәдениет құрылысы – қоғам өмірінің маңызды құрауыштарының бірі және прогеске қарай алға жылжыған кезде көптеген адамдардың күш-жігерін біріктіретін осы құрауышсыз толыққанды ұлт құру мүмкін емес. Театр өнері – мәдениет кеңістігінің маңызды құрауышы. Егер осыған экономикалық тұрғыдан қарасақ, мемлекеттік қолдауға мұқтаж екендігі сөзсіз.

Қандай да бір заңнамалық бастаманы жүзеге асыруды бастау алдында көзделіп отырған заңнамалық актіде шешімі табылуға тиіс стратегиялық міндеттерді белгілей отырып, жұмыстың негізгі бағыттары мен көкейкесті проблемаларды айқындау үшін сол саланың жетекші мамандарымен кеңесу жақсы дәстүрге айналды.

Міне, бүгін де Сіздермен кеңесе отырып, мынадай сұрақтарға жауап тапсақ: елімізде театр өнерін сақтау және дамыту үшін, жаңа экономикалық жағдайларда театрларды қорғауды қамтамасыз ету үшін қандай құқықтық нормалар қолданысқа енгізілуге тиіс?

Дөңгелек үстел барысында парламентарийлер мен мамандар қазақстандық театр өнерін сақтау және дамыту проблемаларына ғана емес, сонымен бірге қазіргі кезеңде

Қазақстанда мәдениетті дамытуға қатысты мәселелерді де кең ауқымда талқылап, өз ойларымен бөліседі деп ойлаймыз.

Дөңгелек үстелдің қорытындылары бойынша театр жұмысына көмек көрсету жөнінде «Театрлар және театр қызметі туралы» заң жобасын әзірлеудің орындылығын талқылауды жоспарлап отырмыз.

Құрметті Дөңгелек үстелге қатысушылар, бүгінгі отырысымызда барлығымызға табысты жұмыс тілеймін.

Назарларыңызға рахмет.